

Сарыагаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандығы № 28-213-V "Сарыагаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" шешіміне езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 11 наурыздағы № 18-131-VII шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 7-65-VIII шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 22.09.2023 № 7-65-VIII (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Сарыагаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сарыагаш аудандық мәслихатының "Сарыагаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" 2014 жылғы 20 ақпандығы № 28-213-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2574 тіркелген) шешіміне мынадай езгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Сарыагаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген Сарыагаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

C. Таскулов

Сарыагаш аудандық мәслихатының

2022 жылғы 11 наурыздағы

№ 18-131-VII шешіміне қосымша

Сарыагаш аудандық мәслихатының

2014 жылғы 20 ақпандығы

№ 28-213-V шешіміне қосымша

Сарыагаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары

I-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Сарыағаш ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары (бұдан - әрі Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

II-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауыл, ауылдық округтің аумағы участкердеге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауыл, ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы ауыл, ауылдық округ әкімі бұкаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиыннын өткізуді ауыл, ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, шағын ауданың, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауыл, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауыл, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатуралары осы қағиданың III тарауында көрсетілген сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті ауыл, ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Ш-тaraу. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің санын айқындау

13. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны төмендегідей айқындалады:

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны:

халық саны 2000 адамға дейінгі елді мекенде 4 өкілге дейін;

халық саны 2000 мен 4000 адам аралығындағы елді мекенде 3 өкілге дейін;

халық саны 4000 адамнан жоғары елді мекенде 2 өкілге дейін.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны:

құрамына 2-3 ауыл енетін ауылдық округтерде 20 өкілге дейін;

құрамына 4-6 ауыл енетін ауылдық округтерде 15 өкілге дейін;

құрамына 7-9 ауыл енетін ауылдық округтерде 10 өкілге дейін;

құрамына 10-13 ауыл енетін ауылдық округтерде 8 өкілге дейін;

құрамына 14-17 ауыл енетін ауылдық округтерде 7 өкілге дейін;
құрамына 18 және одан да көп ауыл енетін ауылдық округтерде 3 өкілге дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК